

## **Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 21 қазандағы N 3300 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.09. N 593 Заңымен

Жануарлар дүниесі - айналадағы табиғи ортаның негізгі құраластарының (компаненттерінің) бірі. Қазақстан Республикасы табиғи байлықтарының маңызды құрамдас бөлігі.

Осы заң жануарлар дүниесін тиімді қорғауды, өсімін молайтуды және ұтымды пайдалануды, бүгінгі және болашақ ұрпақты табиғатқа деген ықтияттылық пен адамгершілік көзқарас рухында тәрбиелеуді қамтамасыз етуге тиіс.

## **I бөлім. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

### **1-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасы заңдарының міндеттері**

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасы заңдарының міндеттері жабайы жануарлардың табиғи еркін тіршілік жағдайларын қамтамасыз ету, табиғи үйірлердің түр жағынан сан алуандылығы мен тұтастығын сақтау мақсатында оларды қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттеп отыру, сондай-ақ осы саладағы заңдылықты нығайту болып табылады.

### **2-бап. Жануарлардың дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы Қазақстан Республикасы заңдары**

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастар осы Заңмен және осыған сәйкес шығарылатын Қазақстан Республикасының өзге де заң құжаттарымен реттеліп отырады.

### **3-бап. Жануарлар дүниесі ұғымы**

Жануарлар дүниесіне құрғақта, суда, атмосферада және жер қыртысында табиғи еркін жағдайда тұрақты немесе уақытша мекендейтін барлық жабайы жануарлар (сүт қоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қос мекенділер, балықтар, сондай-ақ ұлутектілер (моллюскалар), шыбын-шіркейлер (насекомдар) және басқалар) жатады.

Ауыл шаруашылық және басқа да үй жануарларын, сондай-ақ шаруашылық,

мәдени өзге де мақсаттар үшін табиғи ортадан айырылып, ырықсыз немесе жартылай ырықсыз жағдайда ұсталатын жабайы жануарларды пайдалану, өсімін молайту және қорғау саласындағы қатынастар Қазақстан Республикасының тиісті заңдарымен реттеледі.

#### **4-бап. Жануарлар дүниесінің мақсатты міндеті**

Мақсатты міндетіне сәйкес жануарлар дүниесі мынадай топтарға бөлінеді:

- жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген түрлері;
  - жануарлардың аң аулау объектілері болып табылатын түрлері;
  - жануарлардың балық аулау объектілері болып табылатын түрлері;
- жануарлардың (аң аулау мен балық аулаудан басқа) өзге де шаруашылық мақсатында пайдаланылатын түрлері;
- жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлері;
- жануарлардың халық денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығын және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау халық шаруашылығына нұқсан келтірілуіне жол бермеу мақсатында бас санын реттеп отыруға жататын түрлері.

#### **5-бап. Жануарлар түрлерін топтарға жатқызу және бір топтан екінші топқа аудару**

Жануарлардың түрлерін осы заңның 4-бабында аталған топтарға жатқызу олардың негізгі мақсатты міндетіне сәйкес, ал жануарлар түрлерін бір топтан екінші топқа аудару олардың негізгі мақсатты міндеті өзгерген реттерде жүргізіледі.

Жануарлар түрлерін топтарға жатқызуды және бір топтан екінші топқа аударуды Қазақстан Республикасының Үкіметі мен жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдар өз құзыреті шегінде жүргізеді.

#### **6-бап. Жануарлар дүниесіне меншік**

Қазақстан Республикасындағы жануарлар дүниесі республиканың айрықша меншігінде болады.

Жануарлар дүниесіне иелік етуді, билік жүргізуді және пайдалануды Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі тікелей немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті өкілді және атқарушы өкімет органдары мен жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Жануарлар дүниесін пайдалануға беру және жануарлар дүниесіне меншік құқығын іс жүзіне асыру жөнінде басқа да іс-әрекеттер жасау жануарлар дүниесін басқарудың мемлекеттік органының міндетті түрде қатысуымен жүзеге асырылады.

## **II бөлім. АЗАМАТТАРДЫҢ, ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ, ӨСІМІН МОЛАЙТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНА ҚАТЫСУЫ**

### **7-бап. Азаматтардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқықтары**

Қазақстан Республикасы азаматтарының және оның аумағында тұратын немесе мекендей тұратын басқа да адамдардың:

- жануарлар дүниесі мәселелері жөніндегі заң жобаларын және шараларды т а л қ ы л а у ғ а қ а т ы с у ғ а ;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөнінде қоғамдық құрылымдарға бірігуге;

- жануарлар дүниесінің жай-күйі туралы толық әрі анық-қанық ақпарат алуға;

- жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту жөніндегі жұмыстар, сондай-ақ осы мәселелер бойынша қоғамдық сараптама жүргізуге қатысуға;

- жануарлар дүниесін заңда белгіленген тәртіппен пайдалануға құқығы бар.

Мемлекеттік органдар азаматтардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелері жөніндегі заңды және негізделген ұсыныстарын ескеруге міндетті.

### **8-бап. Азаматтардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы міндеттері**

Қазақстан Республикасы азаматтары және оның аумағында тұратын немесе мекендей тұратын басқа да адамдар:

- жануарлар дүниесін сақтап, қорғауға;

- осы Заңның және жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының өзге де заң құжаттарының талаптарын қастерлеуге;

- жануарлар дүниесін қорғауға, өсімін молайтуға және пайдалануға бақылауды жүзеге асыратын органдардың заңды талаптарын бұлжытпай орындауға және де оларға көмек көрсетуге;

- жануарлар дүниесіне және оның мекендеу ортасына келтірілген нұқсанның орнын толтыруға міндетті.

### **9-бап. Қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласына қатысуы**

Қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктердің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметі олардың жарғылары мен қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

### **III бөлім. ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ, ӨСІМІН МОЛАЙТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ӨКІМЕТ ПЕН БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ**

#### **10-бап. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің құзыреті**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына:

- жануарлар дүниесіне меншік құқығын жүзеге асыру;
- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңдарды әзірлеп, жетілдіру;
- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік саясатты айқындау;
- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында заңдардың орындалуына бақылау жасау;
- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелері жөніндегі халықаралық шарттарды бекіту және оның күшін жою жатады.

**Ескерту. 10-баптан 5 абзац алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен.**

#### **11-бап. Жергілікті өкілді өкімет органдарының құзыреті**

Жергілікті өкілді өкімет органдарының қарауына:

- жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және пайдалануды бақылау;
- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктерді дамытуға жәрдемдесу;
- жануарлар дүниесін пайдаланушылар құқығын қорғау жатады.

#### **12-бап. Жануарлар дүниесін мемлекеттік басқару**

Қазақстан Республикасы аумағында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі, жергілікті атқарушы өкімет органдары және жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдар жүзеге асырады.

#### **13-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына:

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік саясатты жүргізу;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, аңшылық пен балық шаруашылығын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды бекіту;
- облыстық атқарушы өкімет органдарының, министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі қызметін үйлестіру, оған басшылық және бақылау ж а с а у ;
- жануарлар дүниесін пайдалану тәртібін белгілеу;
- жануарлар дүниесін пайдаланудың лимиттерін және квоталарын бекіту;
- жануарларды сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлар түрлерінің, сондай-ақ аң аулау және балық аулау объектілері болып табылатын түрлерінің топтарына жатқызу;
- жануарларды мемлекеттік есепке алу мен жануарлар дүниесінің мемлекеттік жиынтық мәліметін (кадастрын) жүргізу тәртібін белгілеу;
- зоологиялық жүйелі жинақтар (коллекциялар) жасау және оларды мемлекеттік есепке алу тәртібін белгілеу;
- Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы туралы Ережені бекіту;
- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру жатады.

#### **14-бап. Облыстық атқарушы өкімет органының құзыреті**

Облыстық әкімшілік шекарасында облыстық атқарушы өкімет органының қ а р а у ы н а :

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік саясатты жүргізу;
- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, аңшылық пен балық шаруашылығын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске а с ы р у ;
- төменгі атқарушы өкімет органдарының, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту, және пайдалану жөніндегі қызметін үйлестіру, оған басшылық және бақылау жасау;
- аңшылық шаруашылық жүргізу құқығын беру және аңшылыққа пайдаланылатын жерді бекітіп беру туралы шешімдер қабылдау;
- балық пен басқа су жануарларын кәсіпшілік аулауға құқық беру және балық шаруашылығы суаттарын бекітіп беру туралы шешімдер қабылдау;
- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында халықаралық ынтымақтастыққа қатысу;
- жануарлар дүниесін қорғауға, өсімін молайтуға және пайдалануға бақылау жасау жатады.

#### **15-бап. Аудандық, қалалық атқарушы өкімет органдарының құзыреті**

Ауданның, қаланың әкімшілік шекарасында аудандық, қалалық атқарушы  
өкімет органдарының қарауына:

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, аңшылық пен  
балық шаруашылығын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды келісу;

- кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жануарлар дүниесін қорғау,  
өсімін молайту және пайдалану жөніндегі қызметті үйлестіру, оған басшылық  
және бақылау жасау;

- аңшылық шаруашылығын жүргізуге және балықты, басқа да су  
жануарларын кәсіпшілік аулауға құқық беру, сондай-ақ аң аулайтын жерлер мен  
балық шаруашылығы суаттарын бекітіп беру жөніндегі ұсыныстарды келісу;

- жануарлар дүниесін қорғауға, өсімін молайтуға және пайдалануға бақылау  
жасау жатады.

### **16-бап. Жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдардың құзыреті**

Жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген  
органдардың қарауына:

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында  
мемлекеттік саясат жүргізу;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, аңшылық пен  
балық шаруашылығын дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу  
және бекітуге ұсыну;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, аңшылық пен  
балық шаруашылығын жүргізу жөніндегі қалыпты құжаттарды әзірлеу және  
бекіту;

- жануарлар дүниесін қорғауға, өсімін молайтуға және пайдалануға, аңшылық  
пен балық шаруашылығын жүргізуге мемлекеттік бақылау жасау;

- аңшылық шаруашылығын жүргізу және аң аулайтын жерлерді бекітіп беру  
құқығын, балықты, басқа да су жануарларын кәсіпшілік аулау және балық  
шаруашылығы суаттарын бекітіп беру құқығын табыс ету туралы ұсыныстарды  
әзірлеу және енгізу;

- жануарлар дүниесін пайдалануға шарттар жасау;

- жануарлар дүниесінің өсімін молайту және пайдалану жөніндегі  
биологиялық негіздемелерді қарау және бекіту;

- берілген лимиттер мен квоталарға сәйкес және белгіленген басқа да  
ережелерді сақтай отырып жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру;

- жануарларды мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру және жануарлар  
дүниесінің мемлекеттік жиынтық мәліметін (кадастрын) жүргізу;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану, аңшылық пен  
балық шаруашылығын жүргізу саласында ғылыми-зерттеу және

жобалау-іздістіру жұмыстарын ұйымдастыру;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында халықаралық ынтымақтастық жөніндегі шараларды жүзеге асыру жатады.

Жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдардың өз құзыреті шегінде қабылданған шешімдерін барлық заңды ұйымдар мен нақты адамдар орындауға міндетті.

#### **IV бөлім. ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ, ӨСІМІН МОЛАЙТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР**

##### **17-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі негізгі талаптар**

Жануарлардың мекендеу ортасы мен жануарлар дүниесінің жай-күйіне ықпал етуі мүмкін шараларды жүзеге асырған кезде мынадай негізгі талаптардың сақталуы қамтамасыз етілуге тиіс:

- жануарлардың табиғи үйірлерінің тұтастығын сақтау;
- жануарлардың түр жағынан сан алуандығын табиғи еркіндік жағдайында сақтау;
- жануарлардың мекендеу ортасын, көбею жағдайларын, қоныс аудару жолдарын және шоғырланған жерін қорғау;
- жануарлар дүниесін ғылыми негізделген түрде және ұтымды пайдалану;
- жануарларды, әсіресе олардың сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген түрлерін қолдан өсіріп, кейін оларды табиғи ортаға жіберуді қоса жануарлар дүниесінің өсімін молайту;
- халық денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылық және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, халық шаруашылығына нұқсан келтірілуіне жол бермеу мақсатында жануарлардың бас санын реттеп отыру.

##### **18-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі негізгі талаптарды қамтамасыз ету**

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі негізгі талаптарды қамтамасыз ету мақсатында экологиялық бағдарламаларда арнайы шаралар көзделеді, олардың орындалуы қаржымен, материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етіледі.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі арнайы шараларды қаржыландыру экономикалық жағынан негізделген нормативтер бойынша республикалық бюджет және өзге де қаражаттар есебінен жүзеге асырылады.

## V бөлім. ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨСІМІН МОЛАЙТУ

### 19-бап. Жануарлар дүниесін қорғауды және өсімін молайтуды қамтамасыз ету

Жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту:

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі ережелер мен нормаларды белгілеу;
- жануарлар дүниесін пайдалануда тыйым салу мен шектеулерді белгілеу;
- жануарлардың мекендеу ортасын, көбею жағдайларын, қоныс аудару жолдары мен шоғырланатын жерлерін қорғау және сақтау;
- қорықтар, қорғалымдар (заказниктер) құру және басқа қорғалатын аумақтар б ө л у ;
- ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру;
- өндірістік процестерді жүзеге асырған кезде жануарлардың қырылуына жол б е р м е у ;
- өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштар мен басқа да препараттар қолдану кезінде жануарларды қорғау;
- зоологиялық жүйелі жинақтар үшін жануарларды айырып алуды шектеу;
- ауырған кезде, табиғи апат және басқа себептер салдарынан қырылу қатері төнген ретте жабайы жануарларға көмек көрсету;
- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жануарлар дүниесін насихаттау;
- жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту жөніндегі шараларды негіздеуге бағытталған ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;
- азаматтарды жануарлар дүниесіне деген адамгершілік рухында тәрбиелеу;
- жануарлар дүниесін қорғау жөнінде басқа шараларды жүргізу және өзге талаптарды белгілеу жолымен қамтамасыз етіледі.

**ЕСКЕРТУ.** 19-бап 6-азатжолмен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.05.11. N 381 заңымен .

**ЕСКЕРТУ.** 19-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.01.23. N 151 Заңымен .

### 20-бап. Жануарлар дүниесін пайдалануға тыйым салу және шек қою

Жабайы жануарларды сақтау және өсімін молайту мақсатында облыстық атқарушы өкімет органдары мен Қазақстан Республикасының Үкіметі жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдардың ұсынуы бойынша және ғылыми мекемелердің ұсыныстары негізінде жануарлар дүниесін пайдалануға белгілі бір аумақта және белгілі бір мерзімге тыйым салуды немесе шек қоюды белгілейді.



**21-бап. Елді мекендерді, кәсіпорындар мен басқа да объектілерді орналастыру, салу және жобалау кезінде жануарлардың мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, қоныс аудару жолдары мен шоғырланған жерін қорғау жөніндегі шаралар**

Елді мекендерді, кәсіпорындарды, құрылыстар мен басқа да объектілерді орналастыру, жобалау және салу, қазіргі бар технологиялық процестерді жетілдіру және жаңаларын енгізу кезінде, тың жерлерді, батпақты, жағалаулық және бұталы аумақтарды шаруашылық аумағына қосқан кезде, жерді мелиорациялау, орман және су пайдалануды жүзеге асыру, геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу, пайдалы қазбалар өндіру, ауыл шаруашылық жануарларын жаятын және айдайтын жерлерді белгілеу, туристік маршруттар жасау және халықтың жаппай демалатын орындарын ұйымдастыру кезінде жануарлардың мекендеу ортасын және көбею жағдайларын сақтау жөніндегі шаралар көзделуге әрі жүзеге асырылуға, сондай-ақ жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды учаскелерге ешкімнің тимеуі қамтамасыз етілуге тиіс.

Темір жол, тас жол, құбыр жүргізу және басқа тасымал тораптарын, электр және байланыс желілерін, арналарды, бөгеттерді және өзге де гидротехникалық құрылыстарды орналастыру, жобалау және салу кезінде жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырланған жерінің сақталуын қамтамасыз ететін шаралар әзірленіп, жүзеге асырылуға тиіс.

**22-бап. Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлар түрлерін қорғау мен ырықсыз және жартылай ырықсыз жағдайда өсіру**

Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлар түрлері Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына жазылады.

Сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлар түрлерінің қырылуына, санының қысқаруына немесе мекендеу ортасының бұзылуына әкеп соқтыруы мүмкін әрекеттерге тыйым салынады.

Табиғи жағдайда ұдайы өсіру қиын немесе мүмкін емес сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлар түрлерін сақтау мақсатында жануарлар дүниесін басқарудың мемлекеттік органдары бұл жануарларды ырықсыз және жартылай ырықсыз жағдайда өсіріп, кейіннен табиғи ортаға жіберу жөнінде шаралар қолдауға міндетті.

Айрықша реттерде Қазақстан Республикасының Үкіметі жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы өкілеттік берілген органдар мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің ұсынуы бойынша сирек кездесетін және құрып кету қатері төнген жануарлар түрлерін арнайы жасалған жағдайларда өсіріп, кейіннен табиғи ортаға жіберуге, ғылыми және өзге де мақсаттар үшін аулауға рұқсат береді.

**23-бап. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану**

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану Қазақстан Республикасының Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

**ЕСКЕРТУ. 23-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1999.05.11 . N 381 заңымен .**

**24-бап. Өндірістік процестерді жүзеге асыру және көлік құралдарын пайдалану кездерінде жануарлардың қырылуын болдырмау**

Өндірістік процестерді жүзеге асыру және көлік құралдарын пайдалану кезінде жануарлардың қырылуын болдырмау жөнінде шаралар қолданылуға тиіс.

Жануарлардың қырылуын болдырмау жөнінде белгіленген шаралар қабылданбайынша материалдарды және өндіріс қалдықтарын сақтауға, қамыс оруға және құрғақ өсімдікті өртеуге, томарлардан тазартып, өзеннен ағаш ағызуға, уылдырық шашу кезінде маңызы бар өзен арналарын жөндеуге тыйым салынады.

**25-бап. Өсімдік қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды және басқа препараттарды қолдану кезінде жануарларды қорғау**

Өсімдік қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды және халық шаруашылығында пайдаланылатын басқа да препараттарды қолдану кезінде жануарлар дүниесі мен жануарлардың мекендеу ортасын қорғау талаптары о р ы н д а л у ғ а т и і с .

Жануарлардың қырылуын және олардың мекендеу ортасының нашарлауын болдырмау мақсатында кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар мен жекелеген адамдар аталған препараттарды тасымалдау, сақтау және қолдану ережелерін с а қ т а у ғ а м і н д е т т і .

Жаңа препараттарды жасаған кезде олардың айналадағы ортада шоғырлануының жол берілер шегінің жануарларды және олардың мекендеу ортасын қорғауды қамтамасыз ететіндей нормативтерін әзірлеуге тиіс.

Өсімдік қорғау құралдарын, материалдық тыңайтқыштар және халық шаруашылығында пайдаланылатын басқа да препараттарды қолдану ережелері, сондай-ақ аталған препараттардың тізбесі жануарлар дүниесін басқару жөніндегі мемлекеттік органдармен келісілуге тиіс.

**26-бап. Жабайы жануарлар ауырған кезде, табиғи апат және басқа себептер салдарынан қырылу қатері төнген ретте оларға көмек көрсету**

Жергілікті өкілді және атқарушы өкімет органдары және барлық табиғатты пайдаланушылар жабайы жануарлар ауырған кезде, табиғи апат және басқа себептер салдарынан қырылу қатері төнген ретте оларға көмек көрсетуге міндетті.

**27-бап. Жабайы жануарларды көшіру, жерсіндіру, қайта жерсіндіру және будандастыру, оларды әкелу және Қазақстан Республикасы шегінен әкету**

Жабайы жануарларды жаңа мекендеу орнына көшіруге, фауна үшін жануарлардың жаңа түрлерін жерсіндіруге, жануарларды қайта жерсіндіру мен будандастыруға, оларды әкелуге және Қазақстан Республикасы шегінен әкетуге тиісті ғылыми-зерттеу мекемелерінің қорытындылары ескеріле отырып жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға аранйы уәкілдік берілген органдардың берген рұқсаты бойынша ғылыми-зерттеу және шаруашылық мақсатта жол беріледі.

**28-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі ғылыми зерттеулер**

Жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға мүдделі ғылыми-зерттеу мекемелерін қатыстыра отырып, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөнінде ғылыми зерттеулер ұйымдастырылады.

Жергілікті өкілді және атқарушы өкімет органдары, жануарлар дүниесін пайдаланушылар ғылыми-зерттеу мекемелерінің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану ғылыми-зерттеулер жүргізілуіне жәрдемдесуге міндетті.

**29-бап. Жануарлар дүниесін қорғаудың және өсімін молайтудың өзге де шаралары**

Жануарлар дүниесін қорғау және өсімін молайту мақсатында табиғат пайдаланушылардың құқықтары, оларға Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен тиісті міндеттер жүктеле отырып, шектелуі мүмкін.

## **VI бөлім. ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ПАЙДАЛАНУ**

**30-бап. Жануарлар дүниесін пайдалану**

Жануарлар дүниесі кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, Қазақстан Республикасы азаматтарының және оның аумағында тұратын немесе мекендей тұратын басқа да адамдардың пайдаланылуына беріледі.

**31-бап. Жаруарлар дүниесін пайдалану түрлері**

Қазақстан Республикасы аумағында жануарлар дүниесін пайдаланудың мынадай түрлеріне жол беріледі:

- аң аулау ;

- судағы омыртқасыздар мен теңіз сүт қоректілерін аулауды қоса балық аулау

;

- аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалану;

- жануарлардың тіршілігіндегі пайдалы қасиеттер мен өнімдерді пайдалану. Қазақстан Республикасы заңдарымен жануарлар дүниесін пайдаланудың басқа да түрлері көзделуі мүмкін.

Жануарлар дүниесін биологиялық қару ретінде пайдалануға тыйым салынады.

### **32-бап. Жануарлар дүниесін пайдалану мерзімдері**

Жануарлар дүниесі тұрақты немесе уақытша пайдалануға беріледі.

Жануарлар дүниесін алдын ала белгіленбеген мерзіммен пайдалану тұрақты пайдалану деп танылады.

Жануарлар дүниесін тұрақты пайдалану мерзімдері тиісті шарттармен белгіленеді.

### **33-бап. Жануарлар дүниесін пайдалануды ресімдеу тәртібі**

Жалпы табиғатты пайдалану тәртібімен жануарлар дүниесін пайдалануды жүзеге асыру қандай бір рұқсатты талап етпейді.

Табиғатты арнайы пайдалану тәртібімен жануарлар дүниесін пайдалануды жүзеге асыру шарт пен тиісті рұқсат негізінде жүргізіледі.

Жануарлар дүниесін пайдалану туралы шарт аңшылық шаруашылық жүргізуге немесе балық және басқа су жануарларын кәсіпшілік аулауға құқық беру, аң аулайтын жерлерді немесе балық шаруашылығы суаттарын бекітіп беру туралы шешімдер қабылдағаннан кейін пайдаланушы мен жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген орган арасында жасалады.

Жануарлар дүниесін пайдалану туралы шартта:

- шаруашылық және өзге де қызметке жол беруге жағдай жасайтын экологиялық талаптар;

жануарлар дүниесін пайдалану үшін төлемдер мөлшерлері;

- жануарлар дүниесін қорғау шарттары;

- жануарлар дүниесін пайдаланушыға берілетін жеңілдіктер;

- шарт талаптары мен жағдайларын бұзғаны үшін талаптардың жауаптылығы;

- шарттың қолданылу мерзімі;

- Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмейтін өзге де қажетті талаптар көзделеді.

Шарт негізінде жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдар жануарлар дүниесін пайдалануға тиісті рұқсат береді.

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат жануарлар дүниесін пайдаланғаны

үшін төленетін ақының бюджетке толық енгізілгенін растайтын құжат бар болған жағдайда ғана беріледі.

**Ескерту. 33-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен .**

#### **34-бап. Жануарлар дүниесін пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері**

Жануарлар дүниесін пайдаланушылардың жануарлар дүниесін пайдаланудың өздеріне рұқсат етілген түрлерін ғана жүзеге асыруға құқығы бар.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар пайдалану түріне қарай:

- жануарлар дүниесін пайдаланудың белгіленген ережелерін, нормалары мен мерзімдерін сақтауға ;

- жануарлардың мекендеу ортасының бұзылуына жол бермеуге;

- жануарлар дүниесін халыққа және айналадағы табиғи ортаға қауіпсіз, табиғи үйірлердің тұтастығын бұзуға жол бермейтін және пайдалануға берілмеген жануарлардың сақталуын қамтамасыз ететін әдістер арқылы пайдалануға ;

- пайдаланылатын жануарлардың бас саны мен жай-күйіне, сондай-ақ олардың мекендеу ортасының жай-күйіне есеп жүргізуге;

- жануарлар дүниесін қорғауға, өсімін молайтуға және пайдалануға бақылау жасауды жүзеге асыратын мемлекеттік және өзге де органдарға барынша көмек көрсетіп отыруға ;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа талаптарды орындауға міндетті .

Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың жануарлар дүниесін пайдаланушылар құқықтарын шектейтін, заңға негізделмеген тыйымдарының күші болмайды және орындауға тиіс емес. Жануарлар дүниесін пайдаланушының өз қызметіне заңсыз кедергі жасалуы салдарынан шеккен барлық шығыны сот тәртібімен өтелуге тиіс.

#### **35-бап. Жануарлар дүниесі бойынша төлемдер**

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін бюджетке енгізілуге тиіс ақы алынады .

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төленетін ақының ставкалары, бюджетке есептеу және төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес белгіленеді.

Жануарларды табиғи ортадан айырмай және оларға зиян келтірместен өздерінің эстетикалық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыруы үшін

пайдалану ақысыз, жалпы табиғат пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 35-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен .**

### **36-бап. Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған лимиттер мен квоталар**

Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған лимиттер мен квоталар жануарлар дүниесінің өсімін молайту және пайдалану жөніндегі биологиялық негіздемеге сәйкес белгіленеді.

### **37-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызметті ынталандыру жөніндегі жеңілдіктер**

Қазақстан Республикасында жануарлар дүниесін ұтымды пайдалануды, өсімін молайтуды және қорғауды ынталандыру мақсатында мынадай жеңілдіктер белгіленеді :

- жануарлар дүниесін ұтымды пайдалану, өсімін молайту және қорғау жөніндегі шараларды іске асыру үшін жеңілдікті шарттармен ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді несиелер беріледі;

- негізгі табиғат қорғау қорларының күн өтеу жарнасының ( амортизациясының) және табиғат қорғау объектілерінің жедел күн өтеу жарнасының жоғары нормалары белгіленеді.

**Ескерту. 37-баптың 2 бөлігі алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2001.12.24. N 276 Заңымен .**

### **38-бап. Жануарлар дүниесін пайдалану құқығын тоқтату негіздері**

Жануарлар дүниесін пайдалану құқығы:

- пайдаланудан өз еркімен бас тартқанда;
- пайдалану мерзімі өтіп кеткенде;
- пайдаланушының қызметі тоқтатылғанда;

- жануарлар дүниесін басқа мақсатта пайдаланғанда немесе ережелерді, нормаларды және өзге де талаптарды ұдайы әрі өрескел бұзған кезде;

- мемлекеттік немесе қоғамдық қажеттер үшін жануарлар дүниесін пайдаланудан алып қойғанда тоқтатылуға тиіс.

## **VII бөлім. АҢ АУЛАУ**

### **39-бап. Аң аулау ұғымы мен түрлері**

Табиғи еркін жағдайда мекендейтін сүт қоректілер (теңіз сүт қоректілерінен басқа) мен құстарды, бауырымен жорғалаушылармен қосмекенділерді аулау аң а у л а у б о л ы п т а б ы л а д ы .

Жабайы жануарларды шаруашылық жағынан пайдалы өнім алу мақсатымен аулау - кәсіпшілік аң аулау, ал азаматтардың спорттық және эстетикалық қажеттерін қанағаттандыру мақсатымен және ауланған өнімді жеке тұтынуы үшін аулау - әуесқойлық және спорттық аулау болып есептеледі.

#### **40-бап. Аң аулау құқығы**

Аңшылықтың жеңіл шарты бойынша сыннан өткен және мемлекеттік бажды төлеген Қазақстан Республикасының барлық азаматтары және оның аумағында тұратын немесе мекендей тұратын басқа да адамдар Қазақстан Республикасында аң аулау құқығын пайдаланады. Аңшылық билет аң аулау құқығын беретін куәлік болып табылады және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау жөніндегі органдар береді.

#### **41-бап. Аң аулайтын жер және аңшылық шаруашылығын жүргізу құқығы**

Аң аулау және аңшылық шаруашылығын жүргізу үшін пайдаланып жүрген немесе пайдаланылуы мүмкін барлық жер, су және орман аң аулайтын жер болып табылады. Аң аулайтын жерді бекітіп беру, пайдалану және қорғау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдар аң аулауды экономикалық жағынан зерттеп, шаруашылықаралық аң аулауды ұйымдастыруға, ал жануарлар дүниесін пайдаланушылар өздеріне бекітіліп берілген аң аулайтын жерде - шаруашылық ішінде аң аулауды ұйымдастырып, жабайы жануарларды қорғау және өсімін молайту жөнінде шаралар өткізуге міндетті.

Аңшылық шаруашылығын жүргізу құқығы Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің заңды ұйымдарына, Қазақстан Республикасының азаматтарына және оның аумағында тұратын немесе мекендей тұратын басқа да нақты адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен беріледі.

#### **42-бап. Аңшылық шаруашылығын жүргізу тәртібі мен аң аулау ережелері**

Аңшылық шаруашылығын жүргізу тәртібі мен аң аулау ережелерін ғылыми мекемелер ақыл кеңестерінің және аң аулау шаруашылығы ұйымдары ұсыныстарының негізінде жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдар әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

## **VIII бөлім. БАЛЫҚ АУЛАУ ЖӘНЕ БАСҚА СУ ЖАНУАРЛАРЫН АУЛАУ**

#### **43-бап. Балық аулау және басқа су жануарларын аулау түрлері**

Балық және басқа су жануарларын кәсіпшілік аулау шаруашылық жағынан пайдалы өнім алу мақсатымен, ал спорттық және әуесқойлық балық аулау азаматтардың спорттық және эстетикалық қажеттерін қанағаттандыру үшін және аулаған өнімді жеке тұтынуы үшін жүргізіледі.

#### **44-бап. Балық және басқа су жануарларын кәсіпшілік аулау құқығы**

Балық және басқа су жануарларын кәсіпшілік аулау құқығы Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің заңды ұйымдарына, Қазақстан Республикасы азаматтарына және оның аумағында тұратын немесе мекендей тұратын басқа да нақты адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен беріледі.

#### **45-бап. Спорттық және әуесқойлық балық аулау құқығы**

Қазақстан Республикасында спорттық және әуесқойлық балық аулау құқығын Қазақстан Республикасының барлық азаматтары және оның аумағында тұратын немесе мекендей тұратын басқа да нақты адамдар пайдаланады.

#### **46-бап. Балық аулаудың және басқа су жануарларын аулаудың ережелері**

Балық аулаудың және басқа су жануарларын аулаудың ережелерін ғылыми мекемелердің ақыл-кеңестері мен балық шаруашылығы ұйымдарының ұсыныстары негізінде жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдар әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

#### **47-бап. Балық шаруашылығы суаттары**

Балық аулау үшін пайдаланылып жүрген немесе пайдаланылуы мүмкін не балық қорларының өсімін молайту үшін маңызы бар барлық суаттары (ішкі теңіздер, өзендер, көлдер, тоғандар мен бөгеттер және олардың қосымша суы) балық шаруашылығы суаттары деп есептеледі. Балық шаруашылығы суаттарын бекітіп беру, пайдалану және қорғау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

### **IX бөлім. ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ПАЙДАЛАНУДЫҢ ӨЗГЕ ТҮРЛЕРІ**

**48-бап. Аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсатында, сондай-ақ ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалану**



Жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсатында, сондай-ақ табиғи ортадан айырмай немесе айырып ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалануға рұқсат етіледі.

Жануарларды табиғи ортадан айыру жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдардың рұқсаты бойынша жүзеге асырылады.

#### **49-бап. Зоологиялық жүйелі жинақтарды (коллекцияларды) жасау, сақтау және мемлекеттік есепке алу**

Зоологиялық жүйелі жинақтарды (жануарлардың тірі экспонаттары, тұлыптары, препараттары мен мүшелері) табиғи ортадан жануарларды айырып алу жолымен жасауға жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органның рұқсаты бойынша жол беріледі.

Ерекше ғылыми, мәдени-ағарту, оқу немесе эстетикалық жағынан құнды зоологиялық жүйелі жинақтар мемлекеттік есепке алынуға тиіс.

Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары және оның аумағында тұратын немесе мекендей тұратын басқа да адамдар жануарлар дүниесі объектілерінің жүйелі жинақтарын сақтаудың, есепке алудың және пайдаланудың жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдар бекітетін ережелерін сақтауға міндетті.

#### **50-бап. Жануарлар тіршілігіндегі пайдалы қасиеттерді және өнімдерді пайдалану**

Жануарлар тіршілігіндегі пайдалы қасиеттерді және өнімдерді табиғи ортадан жануарларды айырмай, олардың мекендеу ортасын бұзбай, ал жекелеген реттерде жануарларды табиғи ортадан айырып пайдалануға жол беріледі.

Жануарлар тіршілігіндегі пайдалы қасиеттерді және өнімдерді пайдалану ережесін жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдар белгілейді.

### **X бөлім. ЖАНУАРЛАРДЫҢ БАС САНЫН РЕТТЕУ**

#### **51-бап. Халық денсаулығын сақтау мақсатында жануарлардың бас санын реттеу**

Халық денсаулығын сақтау мақсатында жануарлардың бас санын реттеу тәртібін жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен келісім бойынша белгілейді.

**52-бап. Ауыл шаруашылық және басқа да үй жануарларын  
аурудан алдын ала қорғау мақсатында жабайы  
жануарлардың бас санын реттеу**

Ауыл шаруашылық және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау мақсатында жабайы жануарлардың бас санын реттеу тәртібін жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдар Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісім бойынша белгілейді.

**53-бап. Халық шаруашылығына нұқсан келтірілуіне жол  
бермеу мақсатында жануарлардың бас санын реттеу**

Халық шаруашылығына нұқсан келтірілуіне жол бермеу мақсатында жануарлардың бас санын реттеу мүдделі кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың негізделген өтініштері негізінде жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдардың рұқсаты бойынша жүргізіледі.

**XI бөлім. ЖАНУАРЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ  
ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ЖИЫНТЫҚ МӘЛІМЕТІ  
(КАДАСТРЫ)**

**54-бап. Жануарларды мемлекеттік есепке алу және  
жануарлар дүниесін мемлекеттік жиынтық  
мәліметі (кадастры)**

Жануарлар дүниесін қорғауды және ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету үшін жануарлар мемлекеттік есепке алынады және жануарлар дүниесінің мемлекеттік жиынтық мәліметі жүргізіледі, мұнда жануарлардың географиялық таралуы, олардың жай-күйі мен бас саны туралы мәліметтер жиынтығы, олардың мекендейтін жерлерінің сипаттамасы, жануарлардың шаруашылыққа пайдаланылуы туралы және басқа деректер болады.

**55-бап. Жануарларды мемлекеттік есепке алу және  
жануарлар дүниесінің мемлекеттік жиынтық  
мәліметін жүргізу тәртібі**

Жануарларды мемлекеттік есепке алу және жануарлар дүниесінің мемлекеттік жиынтық мәліметін жүргізу жануарлар дүниесін мемлекеттік басқаруға арнайы уәкілдік берілген органдар бекітетін бірыңғай әдістемелер бойынша жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін пайдаланушылар жабайы жануарлардың таралуы, бас

саны және пайдаланылуы туралы өздерінде бар мәліметтерді жануарлар дүниесінің мемлекеттік жиынтық мәліметін жүргізуші органдарға табыс етуге міндетті.

## **ХІІ бөлім. ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІНІҢ ҚОРҒАЛУЫН, ӨСІМНІҢ МОЛАЙТЫЛУЫН ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНЫЛУЫН БАҚЫЛАУ**

### **56-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бақылаудың мақсаттары мен міндеттері**

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бақылаудың міндеті жануарлар дүниесінің жай-күйі мен олардың шаруашылық және өзге де қызметтің салдарынан өзгеруін қадағалау, шаралардың орындалуын тексеру, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңдардың бұзылуын дер кезінде тоқтату мен олардың талаптарын сақтау болып табылады.

### **57-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бақылау органдары мен қызметтер**

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бақылау ісін:

- жергілікті өкілді және атқарушы өкімет органдары;
- жануарлар дүниесін басқарудың мемлекеттік органдары жүйесінде әрекет ететін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау жөніндегі арнайы уәкілдік берілген органдар;
- жануарлар дүниесін пайдаланушылар болып табылатын министрліктер, мемлекеттік комитеттер, ведомстволар, кәсіпорындар мен ұйымдар жанындағы бақылау қызметтері;
- жарғыларында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қызмет қарастырылған қоғамдық ұйымдар мен бірлестіктер жанындағы бақылау қызметтері жүзеге асырады.

### **58-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау жөніндегі арнайы уәкілдік берілген органдардың құқықтары**

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау жөніндегі арнайы уәкілдік берілген органдардың:

- Қазақстан Республикасы аумағында тұратын немесе мекендей тұратын азаматтардың, лауазымды және басқа адамдардың жануарлар дүниесін

пайдаланудағы белгіленген ережелер мен нормаларды, тыйымдар мен шектеулерді сақтауын талап етуге, тәртіп бұзушылықты тоқтату туралы орындалуға міндетті нұсқаулар беруге;

- жануарлар дүниесін өз бетімен пайдалануды тоқтатуға, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі ережелерді, нормалар мен өзге де талаптарды бұзатын жұмыстарды тоқтата тұруға;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі ережелерді, нормалар мен өзге де талаптарды бұзушыларды белгіленген тәртіппен жауаптылыққа тартуға немесе тәртіп бұзушылықтар туралы материалдарды тиісті буындарға жіберуге құқығы бар.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау жөніндегі арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік органның өз құзыреті шегінде бекітілген ережелері мен нұсқауларын барлық министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар, меншік түріне қарамастан, сондай-ақ Қазақстан Республикасы азаматтары мен оның аумағында тұратын немесе мекендей тұратын адамдар орындауға міндетті.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау жөніндегі арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік орган қызметкерлерінің арнаулы құралдар мен атыс қаруын сақтауға, алып жүруге және айрықша жағдайларда қолдануға құқығы бар. Осы құқық берілген лауазымды адамдардың тізбесін, арнаулы құралдар мен атыс қаруын сақтау, алып жүру және қолдану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі б е л г і л е й д і .

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылау жөніндегі арнайы уәкілдік берілген мемлекеттік орган қызметкерлері міндетті түрде сақтандырылуға тиіс және өлген немесе жарақаттанған жағдайда зиянның белгіленген тәртіппен өтелуіне құқығы бар.

**59-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында ведомстволық, өндірістік және қоғамдық бақылау ісінің құқықтары мен оны жүзеге асыру тәртібі**

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында ведомстволық, өндірістік және қоғамдық бақылау ісінің құқықтары мен оны жүзеге асыру тәртібі белгіленген тәртіппен бекітілген әрі қолданылып жүрген заңдарға қайшы келмейтін ережелермен және жарғылармен белгіленеді.

Ведомстволық, өндірістік және қоғамдық бақылау қызметтерінің арнаулы құралдар мен атыс қаруын сақтау, алып жүру және қолдану құқығы берілген лауазымды адамдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Ондай лауазымды адамдар міндетті түрде сақтандырылуға тиіс және



жануарлардың жаппай қырылуына әкеп соққан іс-әрекетке;

- зоологиялық жүйелі жинақтарды жасау, сақтау, есепке алу және пайдалану ережелерін бұзуға;

- жануарлар дүниесінің қорғалуын, өсімінің молайтылуын және пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын адамдарға қасақана бағынбауға, сондай-ақ олардың өмірі мен қадір-қасиетіне қылмыстық қол сұғушылыққа кінәлі лауазымды адамдары, азаматтары, оның аумағында тұратын немесе мекендей тұратын басқа адамдар,

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік, азаматтық, әкімшілік немесе қылмыстық жауапты болады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңдарды басқадай бұзушылық үшін Қазақстан Республикасының заңдарында жауаптылық белгіленуі мүмкін.

**62-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңдардың бұзылуынан келтірілген зиянды өтеу**

Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары, оның аумағында тұратын немесе мекендей тұратын басқа да адамдар жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы заңдарды бұзылуынан келтірілген зиянды Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленетін мөлшерде және тәртіппен өтеуге міндетті.

Кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың зиянды өтеуіне байланысты шығынға ұшырауына кінәлі лауазымды адамдар мен басқа да қызметкерлер белгіленген тәртіппен материалдық жауапты болады.

**63-бап. Заңсыз ауланған жануарлар мен олардан өндірілген өнімді алып қою тәртібі**

Заңсыз ауланған жануарлар мен олардан өндірілген өнім Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен алып қойылуға жатады.

Заңсыз ауланған жануарлар мен олардан өндірілген өнімді алып қою мүмкін болмаған жағдайда Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленетін бағалар бойынша олардың құны өндіріліп алынады.

**XV бөлім. ЖАНУАРЛАР ДҮНИЕСІН ҚОРҒАУ, ӨСІМІН МОЛАЙТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ**

**64-бап. Халықаралық шарттар**

Егер Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық шарттар осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгілеген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

**65-бап. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық**

Қазақстан Республикасы жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы халықаралық ұйымдардың қызметіне, халықаралық конференцияларды әзірлеп, өткізуге, халықаралық бағдарламалар жасап, оларды іске асыруға қатысады.

**66-бап. Шет мемлекеттердің заңды ұйымдары мен азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі міндеттері**

Шет мемлекеттердің заңды ұйымдары мен азаматтары, азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасы аумағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асырған кезде осы Заңның талаптарын сақтауға міндетті және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*